

I. Есенберлин атындағы №67 гимназиясы қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №1

Күні: 22.09.2022ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2022-2023 оқу жылындағы гимназияның ішкі тәртіп ережесіндегі мектеп формасы және гимназияға жаңадан мұғалімдерді қабылдау талаптары бойынша.
2. Әлеуметтік отбасы жағдайы санатындағы оқушыларға жалпыға міндетті оқуға қамтуға көмек беруді ұйымдастыру - Ғ. Үрметова қамқоршылық кеңесі төрайымы

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ғ. Үрметова сөз алды:**

2022-2023 оқу жылында гимназияның ішкі тәртіп ережесін туралы қамқоршылық кеңесі мүшелеріне жыл сайын мектеп ережесімен танысуға, өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде отырыс барысында қаралатынын атап өтті.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы негізінде оқушылардың мектеп формасы туралы төмендегідей ережеге сәйкес сақталу:

1. Жалпы ережелер

Талаптардың мақсаты – міндетті мектеп формасын қолдануда орта білім беру ұйымдарының бірыңғай келісін қамтамасыз ету, ата-аналардың мектеп формасына жағымды қатынасын қалыптастыру, оқытудың зайырлы сипатын сақтауда оқу орны басшыларының және қоғамдық кеңестердің (мектеп кеңесі, қамқоршылық кеңес, ата-аналар комитеті) жауапкершілігін арттыру.

Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

- Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

-Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

-Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

- Ұлдардың мектеп формасы:

пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

-Қыздардың мектеп формасы:

- пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.*
- *Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жейдеден, қыздар үшін ақ түсті блузкадан құралады.*
 - *Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.*
 - *Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды (қыз балаларға орамал тағуға, ұзын тобыққа дейін юбка немесе көйлек, ер балаларға қысқа балақ шалбар киюге рұқсат етілмейді).*
 - *Ата-аналар және өзге заңды өкілдер білім алушылардың орта білім беру ұйымында белгіленген мектеп формасын киюіне жауап береді.*

2. Әлеуметтік отбасы жағдайы санатындағы оқушыларға жалпыға міндетті оқуға қамтуға көмек беруді ұйымдастыру туралы қамқоршылық кеңесі төрайымы Г. Үрметова сөз алды:

2022-2023 оқу жылының тамыз- қыркүйек айларында гимназиядағы әлеуметтік отбасы жағдайындағы санаттар бойынша әлеуметтік көмек сыныптардан алынған мәліметтер негізінде төмендегідей көрсеткіштер бойынша берілді




Әлеуметтік көмектер	Отбасы саны	Оқушы саны
«Қамқор» Всеобуч 40000 тенге алғандар	90	171
АСП	83	37
<i>Прожитка</i>	34	150
<i>Инвалид</i>	18	20
<i>Жетім</i>	1	1
Оқу құралы «Сарыарқа әкімдігі»	10	10
Оқу құралы «Банк Центр Кредит» банкі	14	20
Спонсорлық көмек	5	5

Қаулы:

1. 2022-2023 оқу жылындағы гимназияның ішкі тәртіп ережесіндегі мектеп формасының сақталуы ата-аналар жауапкершілігіне тапсырылсын.
2. Әлеуметтік отбасы жағдайы санатындағы оқушыларға көмек беруді ұйымдастыру туралы қамқоршылық кеңесінің қатысуымен іске асырылсын.

Хатшы:

Г. Оналбаева

р/с	Аты-жөні	Қолы
1.	Урметова Газиза Маратовна	
2.	Джукеева Гаухар	
3.	Доланова Индира Абсабыровна	
4.	Ербозова Жадра Айбергенқызы	
5.	Табыспай Анар Маукеновна	
6.	Маделиева Анар Естаевна	
7.	Абдрахманова Лаура Адилетовна	
8.	Новаева Шолпан Жанабаевна	
9.	Ахметова Жанар Джумабаевна	
10.	Стамкулова Айнаш Жұмағадырқызы	
11.	Енсегенова Аида Азангулиевна	